

XFTAP 11.25.09

**А.А.Райымбекова**

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: [akerke8383@mail.ru](mailto:akerke8383@mail.ru))*

### **Халықаралық қақтығыстарды реттеу үрдісіндегі медиаторлық институты**

**Аннотация.** Қақтығыссыз қоғам болмайды, жылдан жылға мемлекеттер арасындағы территорияға қатысты құқықтарды анықтау, ресурстар тапшылығы, ғаламдық популяцияға байланысты бәсекелестік пен тартысты қатынастар өрши түсуде. Сондықтан халықаралық қақтығыстар туындау мүмкіндіктері басым.

Ерте заманның өзінде-ақ қақтығыстарды реттеуде үшінші бейтарап жақ араласқан. Содан бері бұл қызметке көптеген өзгерістер мен түзетулер жасалған, дегенмен бұл қызметтің мәні мен рөлі қазіргі таңда өсуде. Халықаралық қақтығыстар мемлекеттердің агрессиясына тойтарыс беру мақсатында әлемдік қауымдастықпен қалыптасқан бейбіт және күштеу жолдарымен реттеледі. Бұдан өзге, ресми және биресми реттеу жолдары да бар. Қақтығыстарды үшінші тараптың араласуымен шешу жолдарының көп түрлілігі қақтығысушы мемлекеттерді қақтығыс аймағынан шығуға жағдай жасайды.

**Түйін сөздер:** қақтығысушы тараптар, халықаралық медиатор, қақтығыстарды реттеу.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-74-81>

**Кіріспе.** Қақтығыстарды шешу жолында үшінші жақтың араласуы қақтығыстарды реттеудің бірден бір құралы ретінде адамзат тарихынан бастау алады, яғни Ежелгі Греция дәуірінен танымалдана бастап, XX ғасырда кеңінен қолданысқа кірді. Бұрынғы Югославия мен Солтүстік Ирландия территориясындағы қақтығыстардың шешілуі, посткеңестік кеңістіктегі және Кипрдағы әскери қақтығыстардың тоқтатылуы, Таяу Шығыстағы қақтығысушы жақтардың арасындағы мәселелердің шешілуі халықаралық медиаторлардың араласуының нәтижесі деп білеміз.

Қазіргі заманғы қақтығыстарда тек қақтығысушы тараптардың ғана қатысуы өте сирек кездеседі. Қақтығысушы тараптар көбіне үшінші бір жақтың тікелей немесе жанама қолдауына ие болады, ал өз кезегінде сол үшінші тараптардың қақтығыстарда тікелей немесе жанама мүдделері болады. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін әлемдегі қақтығыстардың көбісі үшінші тараптардың көмегімен шешіліп келеді деп баса айтсақ болады. Осылайша, қақтығыстарды басқаруда үшінші тараптардың рөлін зерттеуде теориялық болсын, қолданбалы болсын мәні бар.

Бүгінгі күнге дейін медиаторлық қызметке нақты анықтама берілмеген, және «мейірімді істер» немесе қақтығыстарды басқару сияқты қақтығыстарды реттеу әдістері арасында нақты орны анықталмаған. Бұндай нақтылықтың болмауы өз кезегінде қақтығыстарды реттеуге ұмтылушы халықаралық акторларға еркін икемділік, ұтқырлық пен бастамашылыққа жол береді. Соңғы онжылдықта әлемнің әр аймағында медиаторлық бастамашылықтың көптеп ұсынылуымен, Еуропалық Одақ сияқты жаңа медиаторлардың белсенділігімен сипатталады, тіпті Финляндия мысалында айтар болсақ медиаторлық қызмет мемлекеттік бренд негізі ретінде жариялануы орын алған.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеті.** Осы мақалада, медиаторлық қызмет деп, қақтығысты бейбіт жолмен реттеу немесе қақтығысушы тараптарды белгілі бір мәселелер деңгейінде компромиске жеткізу мақсатында үшінші тараптың өз жеке мүддесін

қанағаттандырудан гөрі, қақтығыстарды шешу басты мәселе деп мойындайтын үшінші тараптың – жеке тұлғаның, мемлекеттің, мемлекет топтарының, халықаралық ұйымдардың т.с.с. әскери емес әрекеттері деп қарастырамыз.

Белгілі бір әрекетті талдаудың негізгі элементі болып, оның тиімділігін бағалау болып табылады. Медиаторлық қызмет тиімділігінің көрсеткіші не? Қақтығысушы жақтармен медиатор ұсынған бейбіт жоспардың қабылдануы бұл қызметтің тиімділігінің дәлелі бола алады ма? Медиаторлық қызметтің тиімділігіне қандай жағдайлар ықпал етеді? Медиатордың қандай типі тиімді болып есептеледі? Бұлар жауапты талап ететін сұрақтардың негізгілері ғана.

**Зерттеу әдісі.** Зерттеу жұмысы барысында талқылау мен салыстырмалы әдіс қолданылған.

Дж. Беркович пен Т. Ананосонның ойынша, медиаторлық қызметтің жемісті нәтижесі – қарулы әрекеттерді доғаруға келісу, қақтығыстарды жекелей реттеу немесе толық реттеу болып табылады [1]. Ал біздің ойымызшы, бұндай анықтама өте абстрактылы және қақтығыстарды тиімді реттеу мен тиімді медиаторлық қызмет ұғымдарының ара жігін анықтамайды, өйткені қақтығысты реттеушінің бастапқы мақсаты қақтығысты реттеу фактісі болып табылады. Сонымен қатар, медиатордың мақсаттарының арасында келіссөздерді өткізуге қол жеткізу немесе қақтығысушы тараптардың басшыларының кездесуін ұйымдастыру сияқты аралық мақсаттар да болуы мүмкін.

Кейбір ғалымдар, медиаторлық қызметтің жеңісі деп – қақтығысушы екі тараптың да ресми болсын, бейресми болсын медиаторды және медиаторлық қызметті алғашқы талпыныстан кейін бес күн ішінде мойындау жағдайы деп түсіндіреді [2]. Бұндай анықтамадан кейін медиаторлық қызметтің тиімділігі қақтығыстарды реттеу үдерісімен байланысы үзіледі, ал бұл өз кезегінде медиаторлық қызметтің мәні мен мақсатын жояды.

Атап өту қажет, компромисске қол жеткізу медиаторлық қызметтің мақсаты болмауы да мүмкін. Мысалы, Дж. Бартон пікірінше, кез келген адамдық қатынастарда ресурстарды, қызметтер мен құқықтарды үлестіруде үздіксіз келіспеушіліктер болып тұрады. Ал кейбір жағдайларда, әсіресе келіспеушіліктің қайнар көзі материалдық ресурстар болған жағдайда, компромисстерге келу мен икемделу қолайлы. Бұндай жағдайларда, оның пікірінше қақтығысты реттеудің – күштеу, келіссөз жүргізу, медиаторлық және арбитраж сияқты дәстүрлі құралдары пайдаланылуы мүмкін. Дегенмен, компромисс табу мүмкін емес қақтығыстар бар. Бұл, материалдық ресурс ретінде үлестірілмейтін топтық бірегейлілік пен жеке тұлғалық мойындау сияқты мақсаттар мен құндылықтар орын алған жағдайлар. Бұндай қақтығыстарға, әдетте, этникалық қақтығыстар жатады [3]. Осылайша, ол медиаторлық қызмет деп – келіспеушіліктің басты себебі материалдық ресурстар болып табылатын және компромисске келуге болатын қақтығыстарды реттеу құралы деп есептейді. Дегенмен, қазіргі заманғы қақтығыстар негізінде бір ғана келіспеушіліктің болуы сирек кездеседі, олар өзара байланыстың кешенді мәселелерінен құралады.

В. Зартман және В. Смит бастаған зерттеушілердің тағы бір тобы, медиатордың мақсатын бастау нүктесі деп түсіндіріп, медиаторлық қызметтің жемістілігін оның тиімділігімен теңестіреді. Бұл теория сынға алынды, өйткені мақсаттарды салыстыру қиын, әсіресе олар символикалық категорияларға ұласқан кезде [4].

Медиаторлық қызметті пайдалануда уақытты дұрыс таңдай білу керек, яғни қақтығысушы тараптардың үшінші тараптың қызметін қабылдауға дайын кезін анықтай білу керек.

Көпетеген зерттеушілердің қақтығысты реттеу жұмысының тиімділігі медиаторлардың араласуда ыңғайлы уақытты таңдай білулерімен байланысты деген қорытынды пікірлері түйіседі. Алайда, ғылыми ортада, қақтығыстың қандай деңгейінде медиатордың араласқаны дұрыс және ондай жағдайларды жасанды туғызуға болады ма

деген пікірлер таласы бар. Көпшіліктің пікірі қақтығыстың алғашқы кезеңдерінде араласқан тиімдірек болады десе де, дей тұрғанмен, медиаторлық қызметтің жеңісті болуы үшін қақтығыстың «өлі нүктесі» кезеңінде, яғни тараптардың өз бетімен қақтығысты тоқтатуға немесе реттеуге келісуге қауқарсыз болған жағдайда араласқаны тиімді дегенмен келіседі.

2012 жылы Сириядағы жағдай тараптардың қақтығыстарды реттеуге дайын еместігін көрсетті. 2012 жылдың шілдесінде халықаралық қауымдастық сол кезеңнің басты медиаторы – өз кезеңінде өзін шебер келіссөз жүргізуші ретінде танылған БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан реттейді деп сенді. Бірнеше ай бойы дипломаттар Кофи Аннанның ұсынған бақылаушылардың басқаруымен қарулы қақтығыстарды тоқтату туралы келіссөздерді жүргізу мен біріккен уақытша үкімет құру жоспарын назарда ұстады. Алайда, бұл жоспар іске аспады. Басты мәселе, қақтығысушы тараптардың әлі де әскери қақтығысты жалғастыруға қауқарлы, тығырыққа тірелмеген, жеңіске деген ұмтылыстары сөнбеген кезі еді, яғни бір бірінің талаптарына келісуге дайын емес еді. Сонымен қатар, тек БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мүшелерімен ғана емес, сонымен бірге Араб мемлекеттері лигасының тарапынан да толық қолдауға ие болған мандат пен кандидатура болғанына қарамастан, халықаралық қауымдастықтың өзге де ойыншылары өз беттерінше қақтығысқа араласуын тоқтатпады, ал бұл өз кезегінде ресми медиатордың ұсынған ұстанымын қабылдауға кедергі келтірді. Тек 2017 жылы Сирия қақтығысының қатысушылары қақтығыстың шешілуіне мүдделілік танытты. Бұл мәселені реттеу қызметі Қазақстан құзыретіне берілді.

Көптеген факторлар медиаторлық қызметтің тиімділігіне әсер етеді, дегенмен, ең негізгісі қақтығысушы тараптардың шешім табуға ұмтылысы мен мүдделілігі. Дж. Беркович, В. Зартман, С. Фувал, Дж. Рубин өздерінің көптеген еңбектерінде мынандай ойды дәлелдейді: қақтығысушы тараптардың қақтығысты тоқтатуға қаншалықты мүдделі болса, соншалықты медиатор қақтығысты реттеу құралдарын барынша қолданануға мүмкіндігі болады және медиаторлық қызметі тиімді өтеді. Ал Дж. Беркович пен С. Ли бұндай мотивацияны қысым жасау арқылы тудыруға болады деп пайымдайды. Біздің пікірімізше, бұндай тактика медиаторлықтың еріктілігі принципіне қайшы.

Қақтығысушы тараптардың өзара жою нүктесіне жеткен тұста медиатордың араласуы, біздің пікірімізше, қарулы қақтығыстарды доғару туралы келісімдерге қол қоюға ғана жеткізеді. Ал, үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін, медиаторға әлемдік аренадағы саяси жағдайларды ескеру қажет. Мысалы, әйгілі медиатор АҚШ-тың бұрынғы президенті Джим Картердің ойынша, 1970 жылдардың соңында жігерлендіретін өзгерістер орын алды, ең бастысы Египеттің КСРО-мен одақтан бас тартуы және АҚШ-пен достық қатынасқа түсуі[5]. Бұл Вашингтон үшін «өте тиімді кезең» болды, яғни медиаторлық қызметін ұсынуға күн туды, өйткені дәл сол кезде Египетпен одақтастық Таяу Шығыстағы үдерістерді шешуге мүмкіндік беретін кезең еді. Және де, арабтық әлемнің осы бір елімен жақындастық идеологиялық қарама-қайшылықтар кезіндегі түсініспеушіліктерді сейілтп, сенімділік тудырды.

Қақтығысушы тараптар, медиаторлық қызметтің қажеттілігін түсінсе де өз тарапынан жағдайға басқаша көзқараста болды. Израиль үшін қарулы қақтығыстарды доғару, экономикалық шығындармен қатар психологиялық шығындарды жұмылдыру әскери шығындарды азайтып, оккупацияланған аумақтардан әскерилерді толығымен шығару туралы араптық талаптарды бұғаттауды қамтамасыз ететін медиаторлық бастамаларға ынталандырды. Египет болса АҚШ ұсыныстарына ашық еді, өйткені А. Садат тактикалық әскери артықшылықтарды сақтап қалуға, Женевадағы көп жақты келіссөздер форматын болдырмауға және араб әлеміндегі көшбасшы ретінде өз позициясын сақтауға тырысты. Осылайша, альтернативалардың жоқтығы және жағдайлардың қысымы тараптардың Г.Киссингердің жетекшілігімен американдық медиацияны қабылдауға мәжбүр етті [6].

Медиацияның сәтті өтуі, араласудың тиімді кезеңін анықтай білуде, яғни тек

қақтығыстың ішкі жағдайына ғана емес, сыртқы саяси ортаның да жағдайын ескеру керек. 1990 жылдардың басында Камбоджадағы қақтығысты реттеуде, «қырғи қабақ соғыс» буы мен көршілес мемлекеттерге қақтығыстың ұласу қауіпі бұрын соңды болмаған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бес мүшесі бірауыздан келісіп, қақтығысты шешуге бел буды.

Халықаралық контекст, яғни халықаралық қатынастарда қақтығыстардың қандай жағдайда өтуі және оны реттеуге қандай медиаторлық бастамалардың туындағаны, сол қызметтің сәтті өтуіне қатты ықпал етеді. «Қырғи қабақ соғыс» кезінде жағдайлардың дамуына кез келген уақытта араласуға дайын тұратын және күштер теңдігін күрт өзгерте алатын КСРО мен АҚШ-тың арасындағы тікетірес әсер етпей қоймайтын. ХХІ ғасырдың басында жағдай өзгерді, енді медиатор халықаралық қатынастардың факторлар қатарын ескеруі керек боды: ірі ойыншылар мен аймақтық акторлардың мүдделерін, аймақтағы көшбасшылыққа талас жағдайын, қақтығысушы тараптардың екі жақтық байланысын, аймақтық қауіпсіздік жүйесін және т.с.с. Сонымен қатар, ұқсас қақтығыстар әлемнің басқа аймағында қалай реттелгеніне, немесе қандай ұсыныстар жасалғанына да көңіл бөлу керек. Осылайша, халықаралық қоғамдастықтың Косоводағы оқиғалардың бірегейлігіне ерекше назар аударғанына қарамастан, Приднестровье, Абхазия және Оңтүстік Осетиядағы қақтығысушы тараптар бірнеше рет «Косово прецедентін» қолдануға тырысып, өздерінің қақтығыстарын шешу үшін келіссөздер барысында Балқандағы келісімдерге жүгінді.

Айта кету керек, халықаралық контекст және медиатор емес үшінші тараптардық қақтығысқа араласуы оң әсерімен қатар теріс әсері де болуы мүмкін. Әсіресе медиатор емес үшінші бір тараптың әсерін айтар болсақ, олар қақтығыстардың сәтті аяқталуына мүдделі болуы да, болмауы да мүмкін. Бұндай тараптар аймақтағы тұрақсыздық жағдайынан пайда көруі мүмкін, елдердің әлсіздігін пайдаланып өз мүдделерін ілгерлетеді, өз өз позицияларын көтереді. Бұндай жағдай Судан аумағындағы қақтығыстарды реттеуде Қытай тарапынан байқауға болады.

Медиаторлық қызметтің сәттілігі теориясы мына сұрақтың жауабымен тығыз байланысты, неліктен қақтығысты реттеу талпынысы сәтсіз болды. Уақыттық тұрғыдан қарайтын болсақ – қақтығыс медиатордың араласуы жағдайына «пісіп-жетілмеді» деген жауаптан басқа да өзге себептерін атай аламыз, бұған мысал 1982 ж. Фолкленд аралдары үшін туындаған қақтығыстағы АҚШ тәжірибесі. М. Клебёрдің айтуынша, АҚШ Британдық ұстанымға жақын болды (қақтығыс құрылымы), АҚШ Мемлекеттік хатшысы А. Хейгтің медиатор ретінде сәйкес келмеді (медиатордың әрекеті), аргентиналықтар аралдарды қайтару жолындағы британдық әрекеттерді бағаламады (қақтығысушы тараптардың мінез-құлқы) [7].

Жалпы М. Клебёрдің ойынша, сәттілік пен сәтсіздік тұжырымдары өте жақсы құрылған: олар әлеуметтік ғылымның өзге де ұғымдары сияқты белгілі бір құндылықтардың, түсіндірмелердің және «таңбалаудың» (labeling) мәні болып табылады [8].

Медиаторлық қызметтің тиімділігіне әсер ететін фактор, қақтығысушы тараптардың өзара байланысы. Мәселен, Дж. Уолл мен А. Линн пікірлеріне сүйенсек, егер қақтығысушы тараптар бір саяси режимді ұстанса, яғни «тікелеі және жанама ұстанымдардың, нормалардың, тәртіптердің қатары мен шешім қабылдау үдерісі жақын болса» қақтығысты реттеу сәтті болады [9].

К. Бирдсли және Д. Квин зерттеушілері өз кезеңдерінде дағдарыстық жағдайларды реттеудегі медиаторлық қызметтің белгілі бір механизмдерінің тиімділігін зерттеген. Олар мынандай қорытындыға келген, медиаторлық қызметтің әр стилі салыстырмалы түрде қойылған мақсатқа байланысты өзіне тиесілі артықшылығы болады. Осылайша, олардың пікірінше, қақтығысты жеңілдету әдісі дағдарыстан кейінгі шиеленісті бәсеңдетуді қамтамасыз ету үшін ең тиімді болып табылады, өйткені ол барлық тараптар үшін қолайлы келісімдер жиынтығын өз еркімен мойындауға ықпал етеді. Және бұл, өз кезегінде, статус-



кво жағдайын қайта қарау мүмкіндігін төмендетеді. Сонымен бірге, зерттеушілердің пікірінше, ресми келісімдерді қамтамасыз ету және дағдарыстың жалпы аяқталуына қол жеткізу үшін манипуляцияны пайдалану тиімді, өйткені кейінгі жағдайлар келісімділікке қатты әсер ете қоймайды [10].

Дегенмен, медиация тәжірибесі медиатордың бір ғана стильге немесе стратегияға сүйенбеуі керек екенін дәлелдейді. Қақтығыстар дамуының әр түрлі кезеңдері мен келіссөздер процессі медиаторлық қызметтің әртүрлі стилін және максималды тиімділікке қол жеткізу үшін түрлі механизмдердің қолданылуын талап етуі мүмкін. Әсіресе манипуляция медиаторлық қызметтің өзге екі стратегиясымен сәйкес келеді. Медиаторлық қызметтің жалпы тәжірибесі көрсеткендей, қақтығыстарды жеңілдету ең тиімді стратегия болып табылады, өйткені ол тараптардың арасында ақпаратпен алмасуды кеңейтеді, келіссөздерді жүргізуге белсенді тартады, қорытынды шешімді қабылдауға қол жеткізуге итермелейді, ал бұл өз кезегінде міндеттерді мойындауды және бейбітшілікті ұзақ мерзімге дейін сақтауды қамтамасыз етеді.

Автордың пікірінше, өз ұстанымын жүктегеннен және тараптарға манипуляция жасағанан гөрі, қақтығысушы тараптардың арасында байланысты орнатқан кезде ғана медиаторлық қызмет сәтті және орынды болады. Өйткені, медиатор өз мүдделерін ілгерлетсе, қақтығысушы тараптардың мүдделерін ескермеуі мүмкін, ал ондай жағдайда қол жеткізілген бейбітшілік ұзаққа созылмайды, себебі, тараптар бейбіт шешімге қатысы барын сезінбеуі мүмкін.

Сәтті медиатор, біздің ойымызша, сәтсіз аяқталған тарихтағы тәжірибелерге ескеруі керек және қақтығысу тараптардың арасында болып жатқан жағдайлармен толық таныс болуы керек. Қақтығыстың пайда болуы мен даму тарихы, қазіргі жағдайы сияқты қақтығысушы тараптарға қатысты қажетті ақпаратты иелену медиаторлық қызметтің сәтті болуына әсер ететін негізгі фактор. Медиатор мен қақтығысушы тараптардың лидерлері арасында бір қалыпқа келтірілген жеке байланыс та маңызды рөл атқарады, әсіресе қақтығыстардың бастапқы кезеңінде, нақтырақ айтсақ медиаторлық қызмет ұсынылған тұста медиаторды таңдау жағдайында жеке байланыс әсер етпей қоймайды.

Бізді де, зерттеуші ретінде, медиатордың сәттілігі деп нені айтуымыз керек деген мәселе толғандырады. Өйткені, «араб-израильдік қақтығысты реттеуде Америка құрама штаттарының медиаторлық қызметі сәтті болды ма?», деген сұраққа эксперттердің көбісі теріс жауап берді, себебі аталмыш конфликт әлі де шешмін таппады. Алайда, америкалық дипломатияның бастамаларын жекелеп қарастырсақ, сәтті тұстары болғанын аңғарамыз, мысалы, 1973 жылы Г.Киссинджердің медиаторлық қызметінің нәтижесінде 1974 жылдың 18 қаңтарында Синай келісіміне қол қойылды және 1978 жылы Кемп-Дэвидте келісімге қол жеткізілді. Медиаторлық қызметтің тиімділігі категориясын бағалау қиындық тудырады, өйткені медиаторлық қызметтің мақсаты не және сәттілігі деп нені түсінеміз деген сұрақтарға жауап беруге тура келеді. Медиаторлық қызметтің бастапқы мақсаты қақтығысты түбегейлі шешу болмауы әбден мүмкін. Яғни аралық міндеттерге бағытталуы мүмкін, мысалы, қарулы қақтығысты тоқтату, қақтығысушы тараптардың арасында келіссөздерді өткізу, тараптарды бір-бірінің шарттарына келістіру т.с.с. Осылайша, медиатордың сәттілігі медиаторлық қызметтің нәтижесінде қол жеткізілген келіссөздердің сәтті өтуімен емес, жоғарыда атлған аралық міндеттерді орындағанымен бағаланады. Мысалы, Еуропалық Одақтың, нақтырақ айтсақ Николя Саркозидің 2008 жылы грузин-ресей қақтығысын реттеудегі медиаторлық міндеті сәтті болды десек болады, өйткені, басты міндеттерге – қарулы қақтығысты доғаруға және келіссөздерді өткізуге қол жеткізе алды. Грузия территориясындағы қақтығыс өзінің қорытынды шешімін таппағаны, Еуропалық Одақ медиаторлық қызметінің тиімсіздігі болып табылмайды, өйткені бастысы қақтығысушы тараптарды жақындастыру еді. Ал француздық бастамадан кейін орын алған Женевадағы

келіссөздер барысындағы халықаралық медиаторлық әрекеттердің тиімділігінің көрсеткіші келіссөздердің нәтижелілігі.

Әртүрлі медиаторлардың алдында әртүрлі мақсат-міндеттер болады, соны анықтағанда ғана медиаторлық миссияның тиімділігін бағалауға болады. Мысалы, Авгандық Ұлы көлдер аймағын реттеуге жіберілген БҰҰ Бас Хатшысының арнайы өкілі алдында мынандай мақсаттар тұрды: барынша шығыс Заир аймағында қарулы қақтығыстарды тоқтату, қауіпсіздік пен даму мәселелері бойынша халықаралық конференция идеясын ілгерлету, БҰҰ арнайы өкілін тағайындаудан бастап, аймақтағы БҰҰ ұзақ мерзімді миссиясының перспективасын анықтау. Сондықтан, қақтығыстың түбегейлі шешілуі медиатордың тиімділігін анықтайтын көрсеткіш емес, себебі, бұндай мәселе саналы түрде болғанымен, күн тәртібінде берілген жоқ.

Медиаторлық миссияның тиімділігіне медиатордың беделі, оның жеке және кәсіби қасиеттері, тәжірибесі, мәдениеті сияқты субъективті факторлар әсер етпей қоймайды. Медиаторлық қызметтегі мәдени аспект зерттелмеген категория қатарында. Дегенмен, келіссөздер барысына мәдениеттің әсері медиаторлардың өздерін қызықтырады. Өйткені, келіссөздер барысында мәдениеттің жеке аспектілерін ескермей бейбіт бастамаларды ұсыну қақтығыстарды реттеуде тек кедергі туғызып қана қоймайды, медиаторға деген сенімділікті сейілтеді.

Медиаторлық қызметтің қай түрі тиімдірек және қандай қақтығыс медиаторлық қызметтің қай түрімен реттеген тиімді деген қорытынды жасау қиын. Медиаторлық қызметтің кез келген түрі өзінің артықшылығы мен кемшіліктеріне ие. Сонымен қатар, қазіргі замандағы қақтығыстар медиаторлық қызмет түрлерінің кешенімен реттелген. Мемлекеттік және институционалдық медиаторлық қызметтерді қатар қолдану жиі кездеседі, оған дәлел Грузия, Приднестровье, Таулы Қарабах, Таяу Шығыс қақтығыстарының реттелу жолдары.

Халықаралық ұйымдардың артықшылығына оларға деген сенімділіктің жоғарлығы, олардың бейтараптылығы және қақтығыстарға араласуында түсіндіретін мотивтерінің болуын жатқызуға болады. Ал мемлекеттік медиаторлық қызмет, өз кезегінде көптеген реттеу тетіктерін пайдалана алады, қақтығыс жағдайын басқаруға мүмкіндіктері басымырақ болып табылады. Сонымен қатар, институционалдық медиаторларға қарағанда ол өте бейімделгіш болып келеді. Халықаралық ұйымдар жұмысының кемшіліктеріне ұйым ішінде консенсустың болмауын (мысалы, ЕҚЫҰ), кейде ресурстардың тапшылығы мен бюрократиялық өрмектердің болуын (БҰҰ) жатқызсақ болады. Мемлекеттік медиаторлық қызметтің кемшіліктері деп, қақтығыстарды реттеуде ұлттық мүдденің басымдылығының болуы мүмкін, қақтығысушы тараптардың бірімен байланыс тәжіриесі әсер етуі мүмкін т.с.с.

Халықаралық медиаторлық қызметтің тиімділігі ұғымы өзге категориялар мен сипаттамалардың жемісі болғандықтан өте тәуелді категория болып табылады. Тиімділік категориясы халықаралық қақтығыстардың «пісіп-жетілуі» мәселесімен, араласудың тиімді кезеңін таңдай білу, медиатордың дәрежесі, өкілеттілігі мен мүмкіндіктері, қақтығысушы жақтардың қақтығысты реттеуден күтетін нәтижелері және ең негізгісі қақтығысты тудырған себеп-салдар мәселесімен тікелей байланысты.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, біздің пікірімізше, қақтығыстарды реттеуде медиатор өз алдына қақтығысты түбегейлі шешу мақсатын емес, аралық шешу деңгейлерін анықтаса қызметі тиімді әрі сәтті болады. Бұл өз кезегінде халықаралық қауымдастықпен де, қақтығысушы тараптармен де байланысты жақсартатынын да ескеруіміз керек. Егер, медиатордың қатысуымен өтетін келіссөздердің бірінші рауынды ұзаққа созылса немесе сәтсіздікке ұшыраса, медиатор әрекетінің тиімсіздігі деп қабылданады. Ал егер, мақсаттар кезең-кезеңмен жарияланып отырса: қақтығысушы тараптарды келіссөз үстелінде кездестіру

– келіссөздер өткізу – бұқара халық пен босқындардың құқын қорғау – гуманитарлық көмекпен қамтамасыз ету – қарулы қақтығыстарды доғаруға келісу – бейбітшілікті қолдау миссиясын қолдау – бейбітшілікті орнату т.с.с., аралық миссияларға қол жеткізіп отырса, медиатордың тиімділігі мен сәттілігі сол болмақ. Ал бұл жағдай өз кезегінде медиаторға деген, қақтығыстарды реттеудегі оның әрекетіне деген сенімділікті арттырып, келіссөздердің келесі деңгейіне көшуді қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Berkovitch J., Anagnoson J.T. and Wille D.L.. Some Conceptual Issues and Empirical Trends in the Study of Successful Mediation in International Relations // Journal of Peace Research. – 1991. - Vol. 28. No.1. - P. 8.
2. Frei D. Conditions Affecting the Effectiveness of Mediation // Peace Science Society (International) Papers. – 1976. - No. 26. - P. 69.
3. Burton J. W. Conflict Resolution: Towards Problem Solving // Peace and Conflict Studies. – 1997. - Volume 4. Number 2. – URL: <http://www.gmu.edu/programs/icar/pcs/burton.html> (accessed:20.12.2018).
4. Kleiboer M. Understanding Success and Failure of International Mediation // Journal of Conflict Resolution. – 1996. - Vol. 40. No. 2. – P. 362.
5. Carter J. Keeping Faith: Memoirs of a President. – University of Arkansas Press, 1995. – P. 282.
6. Mandell B., Tomlin B. Mediation in the Development of Norms to Manage Conflict: Kissinger in the Middle East // Journal of Peace Research. – 1991. - vol. 28. no. 1. - P. 52.
7. Kleiboer M. Time to Talk? Multiple Perspectives on Timing of International Mediation // Cooperation and Conflict. – 1995. - Vol. 30. – P. 317.
8. Kleiboer M. Understanding Success and Failure of International Mediation // Journal of Conflict Resolution. – 1996. - Vol. 40. No. 2. – P. 362.
9. Wall J.A. Jr. and Druckman D. Mediation in Peacekeeping Missions. // Journal of Conflict Resolution. – 2003. - Vol. 47. No. 5. – P. 693 – 705.
10. Beardsley K.C., Quinn D.M., Biswas B. and Wilkenfeld J. Mediation Style and Crisis Outcomes // Journal of Conflict Resolution. – 2006. - Vol. 50. No. 1. - P. 81.

#### **А.А.Райымбекова**

*Казахский университет международных отношений  
и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан*

#### **Институт посредничества в процессе урегулирования международных конфликтов**

**Аннотация.** Бесконфликтного общества не существует, с каждым годом все больше обостряется конкуренция и напряженные отношения между государствами из-за предоставлений прав на захваченную территорию, нехватки ресурсов, глобальной популяции населения, следовательно, международные конфликты становятся все более явными.

Еще в античности для урегулирования конфликтов стали привлекать третью, нейтральную, сторону, с тех пор в посреднические операции внесли много изменений и поправок, но с каждым годом значимость их растет. Международные конфликты регулируются с помощью мирных и принудительных мер, разработанных мировым сообществом, для ограничения агрессии государств. Кроме этого, данные меры могут быть официальными или неофициальными. Множество способов для урегулирования конфликтов с помощью посредничества приводят к различным выходам из конфликтной среды соперничающих государств.

**Ключевые слова:** конфликтующие стороны, международный медиатор, разрешения международных конфликтов.

**A.A. Raiymbekova**

*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan*

**Institute of mediation in the settlement process  
of international conflicts**

**Abstract.** There is no conflict-free society. With each passing year, competition and tensions between states are becoming more acute, due to the granting of rights to the seized territory, a lack of resources, a global population of people, so international conflicts are becoming more and more evident.

Even in antiquity, the third, neutral side began to attract conflicts to resolve conflicts, since then many changes and amendments have been introduced into mediation operations, but each year their significance grows. International conflicts are regulated through peaceful and coercive measures, developed by the world community, to limit the aggression of states. In addition, measures can be formal or informal. Many ways to resolve conflicts through mediation lead to various withdrawals from the conflict environment of rival states.

**Keywords:** conflicting parties, international mediator, resolving international conflicts.

**References**

1. Berkovitch J., Anagnoson J.T. and Wille D.L. Some Conceptual Issues and Empirical Trends in the Study of Successful Mediation in International Relations, *Journal of Peace Research*, 1(28), 8(1991).
2. Frei D. Conditions Affecting the Effectiveness of Mediation, *Peace Science Society (International) Papers*, 26, 69(1976).
3. Burton J. W. *Conflict Resolution: Towards Problem Solving*, *Peace and Conflict Studies*, 2(4), (1997). Available at: <http://www.gmu.edu/programs/icar/pcs/burton.html> (Accessed: 20.12.2018).
4. Kleiboer M. Understanding Success and Failure of International Mediation, *Journal of Conflict Resolution*, 2(40), 362(1996).
5. Carter J. *Keeping Faith: Memoirs of a President*, University of Arkansas Press, (282)1995.
6. Mandell B., Tomlin B. Mediation in the Development of Norms to Manage Conflict: Kissinger in the Middle East, *Journal of Peace Research*, 1(28), 52(1991).
7. Kleiboer M. Time to Talk? Multiple Perspectives on Timing of International Mediation, *Cooperation and Conflict*, 30, 317(1995).
8. Kleiboer M. Understanding Success and Failure of International Mediation, *Journal of Conflict Resolution*, 2 (40), 362 (1996).
9. Wall J.A. Jr. and Druckman D. Mediation in Peacekeeping Missions, *Journal of Conflict Resolution*, 5 (47), 693-705 (2003).
10. Beardsley K.C., Quinn D.M., Biswas B. and Wilkenfeld J. Mediation Style and Crisis Outcomes, *Journal of Conflict Resolution*, 1(50), 81(2006).

**Автор туралы мәлімет:**

**Райымбекова А.А.** - «6D020200 - Халықаралық қатынастар» мамандығының PhD докторанты; Халықаралық қатынастар және Аймақтану кафедрасының оқытушысы. Қазақ Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Мұратбаев көшесі, 200, Алматы, Қазақстан.

**Raiymbekova A.A.** – Doctoral student of the specialty “6D020200-International Relations”; Lecturer, Department of International Relations and Regional Studies. Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, st. Muratbaev 200, Almaty, Kazakhstan.